

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2015 жылғы «13» қазандағы
№ 302 қаулысымен
бекітілген

«АИТВ-инфекциясының болуына ерікті анонимді және міндетті құпия медициналық тексерілу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «АИТВ-инфекциясының болуына ерікті анонимді және міндетті құпия медициналық тексерілу» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар, Маңғыстау облысының ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беру қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны - қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – «АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша тегін негізде Қазақстан Республикасының азаматтарды және оралмандарды ерікті түрде анонимдік және (немесе) құпия медициналық зерттеліп қаралу және консультация алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №246 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11145 болып тіркелген) сәйкес адамның иммун тапшылығы вирусына антиденелерді зерттеу туралы анықтама-сертификат.

Анықтама оны берген сәтінен бастап 3 (үш) ай бойы жарамды.

Тексерілу нәтижесі теріс болған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілген қызметті алушының қолына беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға тегін, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ақылы көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеттер тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме көрсетілетін қызметті алушының «Денсаулық сақтау саласындағы

мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11304 болып тіркелген) бекітілген «АИТВ-инфекциясының болуына ерікті анонимді және міндетті құпия медициналық тексерілу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынуы болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) психологиялық-әлеуметтік кеңес беру кабинетінің дәрігері (бұдан әрі – ПӘК кабинетінің дәрігері) тіркеу журналында көрсетілетін қызметті алушыны тіркеу және дербес код беру, кеңес өткізу, емшара кабинетіне жолдау – 20 (жиырма) минут.

2) АИТВ-инфекциясының болуына қан алу рәсімін жүзеге асыру және қан алу күні мен нәтижесін беру күні көрсетілген талонды беру - 10 (он) минут.

3) зертхана АИТВ-инфекциясының болуына қан үлгісіне тиісті талдауды жүргізу - 1 (бір) жұмыс күні.

4) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру - 5 (бес) минут.

зерттеп-қараудың оң нәтижесінде – 3 (үш) жұмыс күні;

зерттеп-қараудың теріс нәтижесінде – 20 (жиырма) жұмыс күні;

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) көрсетілетін қызметті алушыны тіркеу, кеңес беру;

2) АИТВ-инфекциясының болуына қан алу, талонды беру;

3) зертханада АИТВ-инфекциясының болуына қан үлгісіне тиісті талдауды жүргізу;

4) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) ПӘК кабинетінің дәрігері;

2) қан алу кабинетінің мейірбикесі;

3) зертхана.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) ПӘК кабинетінің дәрігері тіркеу журналында көрсетілетін қызметті алушыны тіркеуді жүзеге асырады, дербес код береді, кеңес өткізеді және емшара кабинетіне жолдама береді - 20 (жиырма) минут.

2) қан алу кабинетінің мейірбикесі көрсетілетін қызметті алушыдан АИТВ-инфекциясының болуына қан алу процедурасын жүзеге асырады және қан алу күні мен тексерілу нәтижесін беру күні көрсетілген талонды береді - 10 (он) минут.

3) зертхана АИТВ-инфекциясының болуына қан үлгісіне тиісті талдауды жүргізеді - 1 (бір) жұмыс күні.

4) қан алу кабинетінің мейірбикесі көрсетілетін қызметті алушыға қан алу мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді - 5 (бес) минут.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы «АИТВ-инфекциясының болуына ерікті анонимді және міндетті құпия медициналық тексерілу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес – процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестері анықтамалығы көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.